ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қаңтар №2301-23-00-2/3072 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Атырау облысы №1 мамандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» Исламжан Бауржанұлы Икрам

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Сулейменов Қ.Б.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 1 қарашада мемлекеттік сатып алу туралы №68 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «4 дана магниттік тақтай» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 94 000 теңге, орындау мерзімі - Шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 16 қарашаға дейін.

Күні бүгінге дейін шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, қызметтер көрсетілмеген, «4 дана магниттік тақтай» тауары жеткізілмеген, ол туралы жауапкерден ешқандай туындаған қиыншылықтар немесе дәлелді хат келіп түспеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 1 қарашада мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №68 келісім-шарт жасақталған. 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «4 дана магниттік тақтай» тауар жеткізуге міндеттенген. Орындау мерзімі - Шартқа қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, «4 дана магниттік тақтай» тауар жеткізілмегенін көрсетті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

Құжатқа қол қойылған: Дәуренова О. Ш., 01.02.2024

2301-23-3-1/3575

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Атырау облысы №1 мамандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» Исламжан Бауржанұлы Икрамды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» Исламжан Бауржанұлы Икрам мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Икрам И.Б.» Исламжан Бауржанұлы Икрамнан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірме дұрыс:

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 2024 жылы "04" наурызы енді.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 01.02.2024

Құжатқа қол қойылған: Дауренова О. Ш., 01.02.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»